

Handwritten signature

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «Ә» класындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы

Бекітемін:

Оқу ісінің меңгерушісі:

Қыдырәлина А.А

Тәрбиеші: Абенова Б.К

Білім беру ұйымы М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ

Мектепалды даярлық О «Ә» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 11-апта 12 –15 желтоқсан 2022-2023 оқу жылы




Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Мүсін» ойыны Мақсаты: қимылды үйлестіруді, есте сақтау қабілетін, физикалық қасиетін, ережелерге сәйкес ойнау қабілетін дамыту	«Бәрі қалай аяқталды?» ойыны Мақсаты: есте сақтау қабілетін, ақыл-ой қабілетін дамыту; баланың сөздік қорын толықтыру	«Не жоғалды?» ойыны Мақсаты: зейінді, есте сақтауды дамыту	«Балалардың тәртібі қатаң» ойыны Мақсаты: сигнал бойынша әрекет ету қабілетін, физикалық қасиеттерін дамыту	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Бұл не үшін?» дидактикалық ойын Мақсаты: Жыл мезгілдері мен тиісті айларды атауға үйрету	«Жануарды тамақтандыр» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөздерді бөліктерге бөлуге, сөздің әр бөлігін бөлек айтуға үйрету	«Өзіңе жұп тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды сөздердің дыбысын тыңдауға үйрету; сөздерді өз бетінше атауға және олардағы дыбыстардың нақты айтылуына жаттығу	«Бұл нені білдіреді?» дидактикалық ойын Мақсаты: балаларды сөздерді мағынасына қарай топтастыруға, сөздердің тікелей және бейнелі мағынасын түсінуге үйрету	

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>«Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу</p>	<p>«Төртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру</p>	<p>Жаңылтпаш «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету</p>	<p>«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны Мақсаты: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ</p>	<p>«Сипаттама арқылы біл» дидактикалық ойыны Мақсаты: сипаттама бойынша тамақ өнімдерін тануға үйрету</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p>				
<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу Мақсаты: Баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл-қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау «Допты еденге соқ». Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Теңдік туралы түсінік қалыптастыру Мақсаты : «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. Ойын жаттығуы: «Сана» Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр). Мақсаты Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету «Қазан» – 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.қ.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру Мақсаты сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан</p>		

	<p>оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды.</p> <p>Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет</p>	<p>бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды.</p> <p>– Осы карточкалар туралы не айтуға болады?</p> <p>– Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады.</p> <p>Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады.</p> <p>«=» белгісін қоюға болады.</p>	<p>аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады</p>	<p>(картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан – біздің Отанымыз. Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді.</p> <p>– Бүгін Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – болған оқиғаның желісі бойынша жазылады. Педагог әңгімені оқиды, мазмұнын түсіндіреді (қосымша)</p>	
--	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--

Үзіліс :

<p>Сюжетті-рөлді ойын: Тақырыбы: «Экологтар.Бағбандар» Мақсаты: Қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік шабыттарын мадақтау, ойын сюжетіне байланысты шағын топтарға бөлу, тіл этикетін дамыту.Экологтар жұмысының ізгі бағыттағы жұмыстары және оның</p>	<p>Сюжетті-рөлді ойын: Тақырыбы: «Зерттеушілер» Мақсаты: Ойнатылытын ойынын этаптарының біліктілігін бекіту. Зерттеуге керекті заттар мен құрал-жабдықтарды ,сонымен қатар заттар ауыстырушыларын табуға үйрету .Рөлдерге бөлініп ,бөлінген рөл бойынша әрекет ету әдетін</p>	<p>Сюжеттік ойын: Тақырыбы:«Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия» сюжетті – рөлдік ойын Мақсаты : Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп,сол рөл</p>
-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

<p>табиғатты қорғаудағы, әлеуметтік мәні туралы түсініктерін кеңейту. Жағдаят: Объектіны таңдау, Картамен жұмыс, бақ орнататын жерді таңдау Экологиялық паспорттарды қарау;Эклогиялық жағдайларды зерттеу Айыппұл төлету;Экологиялық жағдаятарды түзету жұмыстары;Суретке түсіру, суретке түсірудің бұзылуы, суретшімен кездесу. өсімдіктерді бейнелеу.</p> 	<p>қалыптастырып . Зерттеу жұмысшыларының жұмысы қызықты әрі қиын екенін түсіндіріп .Ойындық диалогты моделдеуге үйрету. Жағдаят: Зерттеу объектісін таңдау; Зертхананы құру ; Проведение опытной работы; Фотоға түсіру , аралық нәтижелердің түсірілімі;байқау нәтижелерін журналға жазу; ғылыми кеңес;зерттеу нәтижесін шығару.</p> 	<p>бойынша әрекет етуге үйрету,өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп ,балалардын мейрімділік қарым-қатынасын орнату .Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету . Жағдаят: Үстелді таңдау; Ас мәзірімен танысу; Тапсырысты қабылдау ; Тапсырысты орындау; Менеджермен жұмыс (шағым,алғыстар); Тапсырысқа төлеу; Үстелді жинап ,ыдыс аяқ жуу.</p> 
-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Мақсаты Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту Менің Отаным Әйнегі – күн, Шатыры – аспан, Кең далам асқақ, Төсі толған егін,</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру Мақсаты сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру, сөйлем сөздерден тұратынын түсіну Мақсаты әр дыбыстың сөздегі орны аса маңызды екенін түсіндіру. «Дыбыстың сөздегі орнын тап»</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу Мақсаты . Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету. «Дұрыс тап» дидактикалық ойыны – Балалар, мен тақтаға сызба ілемін, сендер мен айтқан дыбыс сөздің қай жерінде тұрғанын, яғни басында, ортасында,</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті Мақсаты</p>
--	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------

	<p>Көлдері күміс шашқан, Қазақстан Республикам менің!</p>	<p>астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан – біздің Отанымыз. Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді. – Бүгін Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – болған оқиғаның желісі бойынша жазылады. Педагог әңгімені оқиды, мазмұнын түсіндіреді (қосымшаны</p> <p>Мақсаты</p>	<p>дидактикалық жаттығуы Педагог сөз сызбасын тақтаға іледі. – Балалар, піл, апа, қап сөздерінде «п» дыбысы қай жерде орналасқанын табайық. Сызбаларға белгілейік. Балалар піл сөзінде «п» дыбысының бірінші тұрғанын, апа сөзінде ортасында тұрғанын, қап сөзінде соңында тұрғанын айтады</p>	<p>соңында тұрғанын тауып, төртбұрышты бояйсыңдар. Сендер бір төртбұрыштың бір дыбыс екенін білесіңдер. Л дыбысын орнан анықтаймыз. Мысалы: (п) піл, апа, қап. Есімізде сақтаймыз: берілген дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында болуы мүмкін</p>	
--	-------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--

	<p>Мақсаты: сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту.</p> <p>«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады) – Айсұлу бізге -та буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң -ба буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық -са буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы,</p>	<p>Мақсаты әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету</p> <p>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш. Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер. Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы. Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер- ғарышкер</p> <p>Жаңылтпашпен таныстыру. Ұшқыш меңгергенді Дәрігер меңгере ала ма? Дәрігер меңгергенді Ұшқыш меңгере ала ма? Жаңылтапшты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу</p>	<p>салыстыру</p> <p>Мақсаты: Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту</p> <p>1-тапсырма орындауды ұсынады, саны бірдей заттар тобын тауып, сызып қосады. Санын жазады.</p> <p>- Сол жақ жоғары суретке гүл жасау үшін, мозаиканың қанша түрлі-түсті бөлшектері қажет болды? (8) - Оң жақ төменгі суретте қанша мозаика бөлшектері бар? (8) - Осындай санды тауып, оны ұяшыққа жапсырыңыз. Осы екі суретті</p>	<p>қауіпсіздік сақтаудағы маңызды екенін әңгімелей білуге баулу</p> <p>Жұмбақ жасыру. Өзі сөйлей білмейді, Бірақ «Токта, жүр!» – дейді. – Бағдаршам. «Бағдаршам» ойыны Жүргізуші: – Мен қызыл түсті көрсеткенде, орындарыңна н тұрасыңдар, сары түсті көрсеткенде, шапалақ ұрасыңдар, жасыл түсті көрсеткенде, бір орындарыңда тұрып жүресіңдер. – Көшеге шыққанда неге мән беру керек? – Жол</p>	
--	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--

	<p>сатушы, сауап, сауықшыл, сан Ойын соңында фишкасы ең көп бала жеңімпаз болады</p>		<p>сызықпен қосыңыз. Мозаика бөлшектерінің саны туралы не айтуға болады? (саны тең) - Екінші қатардағы сол жақ суреттегі пазлдарды санаңыз. Олардың саны қанша? (7) - Пазлдары бар тағы сурет бар ма? Онда қанша бөлік бар? (4) - Оларды тең деп айтуға бола ма? (жоқ) - Суреттегі пазл бөліктерінің саны қанша болса, сонша Лего конструкторының бөлшектері бейнеленген суреттерді табыңыз. Цифрды жапсырады. Санына қарай жұптастырады. Балалар тапсырманы орындайды, салыстырады.</p>	<p>белгілеріне мән беру керек.</p>	
<p>Үзіліс:</p>					

Сюжеттік ойын:

Тақырыбы: «Сән ательесі»

Мақсаты: Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап, киімдер мен ұлттық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу, мата түрлерін ажырата алуға үйрету, қайсынан қандай киім тігеді жайлы түсіндіру.

Көрнекілік: жаңаша киімдер, ұлттық киімдер

Ойын барысы : бірнеше матаның қиықтары алып, қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып, суретке бейнеленген киімнің тұсына қоюды ұсынады.



Сюжеттік ойын:

Тақырыбы: «Азық - түлік дүкені»

Мақсаты: Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.

Қажетті атрибуттар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.

Ойын шарты. Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.

Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.

Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілттипат білдіреді.

Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді. Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.



	<p>Қоршаған орта Міндеті: Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау Мақсаты Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды екенін әңгімелей білуге баулу</p> <p>Жұмбақ жасыру. Өзі сөйлей білмейді, Бірақ «Токта, жүр!» – дейді. – Бағдаршам. «Бағдаршам» ойыны Жүргізуші: – Мен қызыл түсті көрсеткенде, орындарыңнан тұрасыңдар, сары түсті көрсеткенде, шапалақ ұрасыңдар, жасыл түсті көрсеткенде, бір орындарыңда тұрып жүресіңдер. – Көшеге шыққанда неге мән беру керек? – Жол белгілеріне</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: . Мақсаты:-</p> <p>Топтық жұмыс</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Мақсаты Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту Сөйлемдердің үш түрі болады. Біріншісі – хабарлы сөйлем. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой». Ойын шарты: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою</p>	<p>Музыка Міндеті: Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту Мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру</p> <p>Музыка тыңдау: «Желтоқсан» (П. Чайковский) Ән айту: «Шырша әні» (К. Қуатбаев) «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өнд. Б. Дәлденбай)</p>	
--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--

	мән беру керек.				
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<i>Судың қатқанын бақылау Мақсаты: судың құрамымен таныстыру, табиғатта пайда болатын құбылыстар туралы түсінік беру. Тәрбиеші қатқақ суға балалардың назарын аударады. Олар қайдан пайда болды? Болжамдар: желтоқсанда қар көп</i>	<i>Тоғайларды бақылау Мақсаты: Қыстағы өсімдіктердің тіршілігін, келбетін бақылауға, сипаттауға үйрету. Ағаштардың айырмашылығын, ұқсастықтарын ажырата білуге, көлеңкесіне қарап тоғайларды ажыратуды үйрету;</i>	<i>Ағаштар мен бұтақтарды бақылау Мақсаты: Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету. Жапырақсыз қалған өсімдікке назар аудару. Әсіресе қысты күні ағаштар мен бұталардың айырмашылығын жақсы</i>	<i>Қар үстіндегі іздерді бақылау Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу. Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны</i>	<i>Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауды ұсыну. Қар</i>

	<p><i>болса- сол жылы егін мол болады.</i> Тақпақ: Қар жатыр аппақ Ойнауға жақсы-ақ Осындай шақта Кім үйде жатпақ? Жұмбақ: Қолы жоқ сурет салады, Аузы жоқ тістеп алады. (Аяз) Қозғалмалы ойын: «Кімдікі алыс». Мақсаты: Икемділігін, күшін дамыту. Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.</p>	<p><i>Тоғайлар мен бұтарларға қараңдаршы. Ең әдемі тоғай немесе бұтаны тауып, оны сипаттайық. Қыста тоғайлар тыныштық күйде болады, яғни ұйықтайды. Тоғайдың түбіне, бұтақтарына, құрылысына, түсіне қарап, бақылау жүргізу.</i> <i>Болжам: қар ағашқа жабысса – жылы болады.</i> <i>Мақал- мәтел: «Бір тал кессең – он тал ек»</i> <i>Тақпақ:</i> <i>Қазақ жері – сәніміз</i> <i>Мәуесі мол бағымыз</i> <i>Саясында жетілер</i> <i>Балдай бала шағымыз.</i> <i>Қозғалмалы ойындар:</i> <i>«Қояндар мен аю»</i> <i>Еңбек: Тоғайларды қармен жабу.</i></p>	<p><i>көруге болатындығы туралы түсінік беру.</i> <i>Өсімдіктердің бір біріне ұқсастығы мен ерекшеліктерін табыңдар. Ауладан өздеріңе таныс өсімдікті тауып, атын атаңдар. Қастарына жақындап барып, қолдарыңмен ұстап сипаттап беріңдер.</i> <i>Болжам: қыста қар қалың болса, жазда егістік мол болады.</i> <i>Мақал-мәтел: Аяз мықты болса, мұрның қызарады.</i> <i>Тақпақ: «Қарағай»</i> <i>Көкке бойын созады,</i> <i>Көпке қолын созады.</i> <i>Кең құшағын ашады,</i> <i>Көлеңкесін тосады</i> <i>Көп қарағай, қарағай</i> <i>Мейірбанды анадай.</i> <i>Қозғалмалы ойын:</i> <i>«Аңшы және қояндар»</i> <i>Еңбек әрекеті: Тал түбі мен бұталардың түбіне қарларды үйіп жинау</i></p>	<p><i>анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?</i> Тақпақ: Ақ киімді денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды, Үсті – басы ақ қырау түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай) Мақал: Жемберсең қыста құсқа- сауабы тиер оның жазда. Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды ептілікке баулу. Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру. Еңбек: құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу</p>	<p><i>ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді.</i> <i>Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі, жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, су буларынан кішкентай гана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.</i> Тақпақ: Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Қимылды ойын «Ортаға түспек» Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету. Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.</p>
--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

<p>Балаларды үйге қайтару</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>